

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының 1998 жылға арналған бюджеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 25 наурыздағы N 259

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақ ССР-інің Заңына және "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының 1998 жылға арналған бюджеті қосымшаға сәйкес кірістер мен шығыстар бойынша 9646761,0 мың теңге с о м а с ы н д а б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың, Алматы қаласының және астананың әкімдері Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналарының толық және уақтылы жиналуын қамтамасыз етсін.

4. Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры қаражатының мақсатты пайдалануына бақылау жасау оның басқармасы мен тексеру комиссиясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 25 наурыздағы
N 259 қаулысына
қосымша

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу
қорының 1998 жылға арналған бюджеті

мың теңге

I. Кірістер 9646761

1. Жұмыс берушілердің міндетті

сақтандыру жарнасы 8520000

Оның ішінде:

- бюджеттік ұйымдарды

есептемегенде (2,0%) 7680000

- бюджеттік ұйымдардікі (1,0%) 840000

2. Өткен жылдардағы берешектерді

өтеудің есебіне түсетін қаражат 1000000

3. Халықаралық Қайта жаңарту және

Даму Банкі займының түсуі 56261

4. Шетелдік жұмыс күшінің әкелінуі

үшін өтемақылық түсім 70500

II. Шығыстар 9646761

1. Жұмыссыздық бойынша

жәрдемақылар төлеу 5768020

2. Жұмыссыздарды кәсіби даярлау,

қайта даярлау және біліктілігін

арттыру 683796

3. Қоғамдық жұмыстарды

ұйымдастыру 198000

4. Мүгедектерге жабдықтар мен

құрал-жарақтар сатып алуға

арналған шығындарды өтеу 50000

5. Жаңа жұмыс орындарын құруды,

жеке кәсіпкерлікті дамытуды

қолдау және шағын несиелендіру 1843000

оның ішінде "Шағын несие" үкіметтік

емес ұйымының аппаратын ұстауға 3000

6. Халықпен және жұмыс берушілермен

ақпараттық-анықтамалық жұмысқа 54115

арналған шығындар

7. Екінші деңгейдегі банктердің

қызмет көрсетулері 132141

8. Жұмыспен қамту қызметін ұстау 856200

- оның ішінде:

әкімшілік ғимаратты қайта жаңарту

және күрделі жөндеу 170000

аумақтарды жайластыру және жиһаздар
алу 40000

9. Қызметкерлерді материалдық
қамтамасыз етуге, оқытуға,
Халықаралық Қайта жаңарту және
Даму Банкінің займына сәйкес
қызметкерлердің қызмет көрсету.
леріне, консультанттардың
қызмет көрсетулеріне арналған
шығындар 56261

10. Халықаралық Қайта жаңарту және
Даму Банкінің займын
пайдаланғаны үшін сыйақы
(мүдде) төлеу 3938

11. Жұмыссыздарды жерлеуге
жәрдемақылар төлеу 1290

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.29. N 1358
қаулысымен.

P981358_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі